



«Бекітемін»
Амангелді ауылының жалпы орта
білім беретін мектебінің
директоры Исина Р.А.

**Амангелді ауылының жалпы орта білім беретін мектебінің жанында
«Ақ тиін»шағын орталығының
2025-2026 оқу жылына арналған
ОҚУ ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ**

**2025-2026 оқу жылына мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту бойынша
2025 -2026 оқу жылына арналған оқу жұмыс жоспарына
ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА**

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мақсаты – әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашу.

2025-2026 оқу жылындағы негізгі міндеттері:

- тәрбиеленушілердің, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері және жеке мүмкіндіктері бар тәрбиеленушілердің дене, зияткерлік және жеке тұлғалық дамуын қамтамасыз ететін оңтайлы жағдайлар жасау;
- мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілердің өмірін қорғау және денсаулығын нығайту, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыру;
- тәрбиеленушілердің қимыл-қозғалыс, бейімделу, коммуникативтік, эмоционалдық, әлеуметтік, когнитивтік дағдыларын қалыптастыру;
- Отанды, ана тілін сүйуге, ұлттық бірегейлік пен азаматтық негіздеріне және патриотизмге баулу;
- баланың мектепте оқуға физикалық, психологиялық, эмоционалдық, әлеуметтік дайындығын қалыптастыру және тең бастапқы мүмкіндіктер беру.

МДҰ балалардың күні бойы қауіпсіз болуының алдын алу үшін:

- тәрбиелеу-білім беру процесіне тиісті бақылауды қамтамасыз ету;
- басшының қызметкерлердің әрекетіне бақылауды күшейту;
- алдын алу шараларын уақтылы жоспарлау;
- баланың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін жағдайларды болдырмау үшін тиісті шаралар қабылдау.

МДҰ өз қызметін келесі кезеңдер бойынша жүзеге асырады:

- ✓ 1 қыркүйектен 31 мамырға дейін – оқу жылы (Үлгілік бағдарламаның мазмұнын игеру мерзімі);
- ✓ 1 маусымнан 31 тамызға дейін – жазғы сауықтыру кезеңі.

Тәрбиелеу-білім беру процесі:

- перспективалық жоспарға;
- циклограммаға сәйкес жүзеге асады.

Үлгілік бағдарламаның мазмұнын меңгерту бойынша бастапқы, аралық, қорытынды мониторинг жүргізіледі.

2025-2026 оқу жылында Амангелді ауылының жалпы орта білім беретін мектебінің жанында «Ақ тиін»шағын орталығының

тәрбиелеу-оқыту үрдісін жүзеге асыруда мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту бойынша төмендегі ҚР нормативтік құқықтық актілерді басшылыққа алады:

1. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 Білім туралы Заңы.
2. Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы Заңы 2002 жылғы 8 тамыздағы №345 (2016 жылғы 9 сәуірдегі № 501-V ҚРЗ өзгерістермен).
3. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы».
4. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» 2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрығы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы».
5. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің «Балаларды ерте дамыту институтының» Ғылыми-әдістемелік кеңесінде қаралып, 2022 жылғы 23 қарашадағы №11 хаттамалық шешіміне сәйкес ұсынылған «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына нұсқаулық».
6. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығы «Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, мамандандырылған, арнаулы білім, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, балаларға және ересектерге қосымша білім беру ұйымдарының үлгілік қағидаларын бекіту туралы».
7. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығы «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар санитариялық қағидаларын бекіту туралы» *(мектепалды даярлық топтары/сыныптары үшін)*.
8. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 19 шілдедегі № ҚР ДСМ-59 бұйрығы «Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар санитариялық қағидаларын бекіту туралы» (05.04.2023 жылы N60 бұйрықпен өзгерістер енгізілген) - *(балабақша/шағын орталықтардың мектепке дейінгі 1-4 жастағы топтары үшін)*.
9. Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында 2025-2026 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы **ӘДІСТЕМЕЛІК НҮСҚАУ ХАТЫ**
10. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің «Білім беру ұйымдарында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын бекіту туралы» 2024 жылғы 30 шілдедегі № 194 бұйрығы (ҚР Оқу-ағарту министрінің «Білім беру ұйымдарында «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын бекіту туралы» 2025 жылы 26 мамырдағы №123 бұйрығымен өзгерістер енгізілген).
11. Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрінің «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы»

2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығы (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылы 9 қыркүйектегі № 394 бұйрығымен өзгерістер енгізілген).

2025-2026оқу жылында Амангелді ауылының жалпы орта білім беретін мектебінің жанындағы «Ақ тиін»шағын орталығында 3топ жұмыс істейді

Кіші топ (2 жастағы балалар) – 1 топ (1 топ мемлекеттік тілде)

Ересек топ (4 жастағы балалар) – 1 топ (1 топ мемлекеттік тілде)

Мектепалды даярлық тобы (5 жастағы балалар) – 1 топ (1 топ мемлекеттік тілде)

Амангелді ауылының жалпы орта білім беретін мектебінің жанында

«Ақ тиін»шағын орталығының

**бөбек жасындағы балаларға арналған мектепке дейінгі
тәрбие мен оқытудың 2025-2026 оқу жылына оқу жұмыс жоспары**

№	Ұйымдастырылған іс-әрекет*	кіші топ (2 жастағы балалар)
1	Дене тәрбиесі	аптасына үш рет
	Дене тәрбиесі **	күн сайын
2	Тіл дамыту және көркем әдебиет	күн сайын
3	Сенсорика	күн сайын
4	Қоршаған әлеммен таныстыру	күн сайын
5	Сурет салу	күн сайын
	Мүсіндеу	күн сайын
	Жапсыру	күн сайын
	Құрастыру	күн сайын
6	Музыка	аптасына бір рет
	Музыка***	күн сайын
7	Арнайы түзетуші іс-әрекет	күн сайын

Ескерту:

*Ұйымдастырылған іс-әрекет - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын, оның ішінде мектепке дейінгі ұйымның жұмыс бағытын ескере отырып, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, патриоттық сезімге, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметтік нормаларға баулу, қауіпсіз мінез-құлық қағидаларын қалыптастыру бойынша міндеттерді іске асыру үшін күні бойы педагогтің ойын түріндегі түрлі балалар әрекеті (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) арқылы ұйымдастыратын кіріктірілген сабағы.

** Бөбек жасындағы балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы балалардың физикалық белсенділігіне уақыт бөлінеді.

*** Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы ән айтуға, музыка тыңдауға, әндерді жаттатуға, импровизацияға, музыкамен ырғақты қозғалыстарға, шулы балалар аспаптарында ойнауға және музыкалық іс-әрекеттің басқа түрлеріне уақыт бөлінеді.

**** Арнайы түзетуші іс-әрекет арнайы мектепке дейінгі ұйымдарда, мектепке дейінгі ұйымдардың арнайы топтарында мүмкіндігі шектеулі балалар үшін жүргізіледі.

**Амангелді ауылының жалпы орта білім беретін мектебінің
жанында «Ақ тиін» шағын орталығының
мектеп жасына дейінгі балаларға арналған
мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың оқу жұмыс жоспары**

№	Ұйымдастырылған іс-әрекет*	ересек топ (4 жастағы балалар)
1	Дене тәрбиесі	аптасына үш рет
	Дене тәрбиесі **	күн сайын
2	Тіл дамыту және көркем әдебиет	күн сайын
	Қазақ тілі	аптасына бір рет
	Қазақ тілі ***	күн сайын
3	Сауат ашу негіздері	-
4	Математика негіздері	күн сайын
5	Қоршаған әлеммен таныстыру	күн сайын
6	Сурет салу	күн сайын
	Мүсіндеу	
	Жапсыру	
	Құрастыру	
7	Музыка	аптасына екі рет
	Музыка****	күн сайын
8	Арнайы түзетуші іс-әрекет*****	күн сайын

Ескерту:

* Ұйымдастырылған іс-әрекет - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын, соның ішінде мектепке дейінгі ұйымның жұмыс бағытын ескере отырып, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, патриоттық сезімге, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметтік нормаларға баулу, қауіпсіз мінез-құлық қағидаларын қалыптастыру бойынша міндеттерді іске асыру үшін күні бойы педагогтің ойын түріндегі түрлі балалар әрекеті (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) арқылы ұйымдастыратын кіріктірілген сабағы.

** Мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы балалардың физикалық белсенділігіне уақыт бөлінеді.

***Мемлекеттік тілді меңгерту мақсатында күні бойы режимдік сәттерде Үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған сөздік минимумды үйрету, түрлі балалар әрекетінде тәрбиеленушілердің ауызекі байланыстырып сөйлеуін дамыту, сондай-ақ қазақ халқының мәдениетімен, салттары мен дәстүрлерімен таныстыру, белсенді сөздікті байыту, сөздік нормаларды, мәдениетті қарым-қатынасты игерту ұсынылады.

****Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы музыканы тыңдау, ән айту, әндерді жаттату, импровизация, ырғақты-музыкалық қимылдар, шулы балалар аспаптарында ойнау және басқа да музыкалық әрекеттерге уақыт бөлінеді.

***** Арнайы түзетуші іс-әрекет арнайы мектепке дейінгі ұйымдарда, мектепке дейінгі ұйымдардың арнайы топтарында мүмкіндігі шектеулі балалар үшін жүргізіледі.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым
министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы
№ 557 бұйрығына
3-қосымша

(ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы
9 қыркүйектегі № 394 бұйрығына
3-қосымша)

**Амангелді ауылының жалпы орта білім беретін мектебінің
мектепалды даярлық (5 жастағы балалар) тобына арналған
2025-2026 оқу жылына арналған оқу жұмыс жоспары**

№	Ұйымдастырылған іс-әрекет*/ Балалардың іс-әрекеті	Аптадағы өткізу жиілігі	Аптадағы нормативтік жүктеме
1	Дене тәрбиесі		3 сағат
	Дене тәрбиесі**	күн сайын	
2	Тіл дамыту		2 сағат
	Көркем әдебиет		2 сағат
	Қарым-қатынас іс-әрекеті	күн сайын	
	Қазақ тілі		2 сағат
	Қазақ тілі***	күн сайын	
3	Сауат ашу негіздері		3 сағат
	Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет	күн сайын	
4	Математика негіздері		3 сағат
	Танымдық іс-әрекет, зерттеу іс- әрекеті	күн сайын	
	Қоршаған әлеммен таныстыру		2 сағат
	Зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс- әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті	күн сайын	
6	Сурет салу		1 сағат
	Мүсіндеу		
	Жапсыру		
	Құрастыру		
7	Шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті	күн сайын	
	Музыка		2 сағат
	Музыка****	күн сайын	
8	Барлығы:		20 сағат

Ескерту:

*Ұйымдастырылған іс-әрекет - "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын, оның ішінде мектепке дейінгі ұйымның жұмыс бағытын ескере отырып, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, патриоттық сезімге, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметтік нормаларға баулу, қауіпсіз мінез-құлық қағидаларын қалыптастыру міндеттерін іске асыру үшін күні бойы педагогтің ойын түріндегі түрлі балалар әрекеті (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) арқылы ұйымдастыратын кіріктірілген сабағы.

**Мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы балалардың физикалық белсенділігіне уақыт бөлінеді.

***Мемлекеттік тілді меңгерту мақсатында күні бойы Үлгілік бағдарламада айқындалған сөздік минимумды үйрету, түрлі балалар әрекетінде тәрбиеленушілердің ауызекі байланыстырып сөйлеуін дамыту, сондай-ақ қазақ халқының мәдениетімен, салтымен және дәстүрімен таныстыру, белсенді сөздікті байыту, сөздік нормаларды, мәдениетті қарым-қатынасты игерту ұсынылады.

****Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы музыка тыңдау, ән айту, әндерді жаттату, импровизация, ырақты-музыкалық қимылдар, балалардың шулы аспаптарында ойнау және басқа музыкалық іс-әрекетке уақыт бөлінеді.